

“№82 жалпы білім беретін орта мектебі” КММ

**“Оқытудың түрлі әдіс-тәсілдері мен тиімді технологиялары” атты
магистрлер апталығының аясында өткен «Шығармашыл мұғалім -
сапалы сабақ» атты көрменің есебі**

Ұйымдастыру: қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі М.Қ.Ізбасар
Өткізілген күні: 12.12.2025жыл

2025-2026 оқу жылы

Тақырыбы: «Шығармашыл мұғалім – сапалы сабақ»

Түрі: Көрме

Қатысушылар: Мұғалімдер

Қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі М.Қ.Ізбасар «Шығармашыл мұғалім – сапалы сабақ» тақырыбында мұғалімдерге арналған көрме өткізілді. Көрме мектебімізде «Оқытудың түрлі әдіс-тәсілдері мен тиімді технологиялары» атты апталық аясында ұйымдастырылды. Шараның негізгі мақсаты – мұғалімдердің шығармашылық әлеуетін оятып, сапалы сабақ жүргізуге бағытталған жаңа әдіс-тәсілдер мен заманауи цифрлық технологияларды тиімді пайдаланудың үлгісін ұсыну.

Шараға мұғалімдер қатысып, көрме материалдарымен жан-жақты танысты. Ұйымдастыру кезеңінде қатысушыларға жылы атмосфера қалыптастыру мақсатында лирикалық музыкалық фон қойылып, экраннан тақырыптық слайд көрсетілді. Мұғалімдерге шығармашылық жігер беретін ұлттық нақыштағы тілектер таратылып, көрменің мақсаты түсіндірілді.

Көрме барысында қазақ тілі мен әдебиеті сабағына қолдануға болатын түрлі көрнекіліктер, шығармашылық тапсырмалар, инфографикалық әдістер, кері байланыс үлгілері, мұғалім ісін жеңілдетуге арналған материалдар мен жаттығу түрлері ұсынылды. Оқытудың жаңа әдістері, бағалау түрлері, оқушы белсенділігін арттыру жолдары таныстырылды.

Экранда сервистер таныстырылды, жұмыс барысы көрсетілді. Атап айтқанда, қазіргі білім беру процесін қолдайтын цифрлық платформалар ұсынылды: Classroomscreen сервисі арқылы визуалды құралдар мен сабақтың құрылымын ұйымдастыру мүмкіндігі таныстырылды. Gamma платформасы негізінде слайд жасау тәсілдері көрсетілді. Gemini көмегімен кітапша құрастыру үлгісі ұсынылды. ClassDojo платформасының сабақтағы ынталандыру жұмысына тигізетін пайдасы таныстырылды. Сонымен қатар, қатысушыларға арналған «Арқан тарту» ойыны ұйымдастырылып, мұғалімдер өздері белсенді түрде ойынға қатысты. Бұл бөлім көрме үдерісін жандандырып, серпіліс берді.

Көрменің маңыздылығын арттыру мақсатында педагогикалық бағыттағы кітаптар бұрышы ұйымдастырылды. Онда Қанипа Бітібаеваның әдістемелік еңбектері, В.А. Сухомлинскийдің «Балаға жүрек жылуы», Мағжан Жұмабаевтың «Педагогикасы» және мұғалім кәсібіне ықпал ететін өзге де әдебиеттер қойылды. Бұл материалдар ұстаздарға рухани және әдістемелік қолдау көрсетіп, кәсіби дамуына бағыт болды.

Қатысушылардан кері байланыс алынды. Мұғалімдер көрме материалдарын өз сабақтарына шығармашылықпен енгізуге ниет білдіріп, ұсынылған идеялардың өзекті әрі тиімді екенін атап өтті.

Аталған көрме мұғалімдердің кәсіби дамуына, тәжірибе алмасуына, білім сапасын арттыруға, сондай-ақ шығармашылық орта қалыптастыруға ықпал етті. Шара мұғалімдерге шабыт беріп, сабақ үдерісін жаңаша жоспарлауға серпін сыйлады.

Бейнеролик мектептің инстаграмм парақшасына салынды.





